

Дидар

Шығыс Қазақстан облыстық газеті

Жұмабай ШАШТАЙҰЛЫ, жазушы: - Қазақ
баспасөзінен гөрі қазақ оқырманы мені көбірек
толғандырады



Жазғанын қалың оқырман ерекше күтіп оқитын қаламгерлердің бірі –Жұмабай Шаштайұлы. Оның шығармалары заманның тынысын дөп басатындығымен де бағалы. Таяуда жазушы Шығысқа ат басын тіреген болатын. Сұхбаттасудың да сәті түсті.

Жазушы болуды құдайдың сыйы деп білетінбіз

- Сіз әдебиетке сексенінші жылдары келген қаламгерсіз. Сол кездегі әдеби ахуалды қазіргімен салыстыруға келе ме?

- Ол кезде әдебиетке келген қаламгер өзін бір қасиетті Меккеге келгендей сезінетін еді. Өйткені, жазушылық ерекше бір сезіммен өлшенетін. Тіпті, Жазушылар Одағына кірудің өзіне жүрексінетін едік. Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сынды классик жазушылардың бәрінің дерлік кітабын оқып, ерекше пір тұтатындықтан ба екен, жазушы болуды құдайдың сыйы деп білетінбіз. Ол уақытта жыл сайын жас ақын-жазушылардың кеңесі өтіп тұратын. Ондай жиынға еліміздің түкпір-түкпірінен қалам ұстаған қауымның бәрі келетін. Мықты адамдардың барлығы сөйлейтін. Сондай бір кеңесте Әзілхан Нұршайықовтың «Егер жазушылық арқылы байимын десеңіздер, онда қатты қателесесіздер. Қазірден айтайын, ондай ойларыңыз болса, тездетіп басқа жұмысты таңдаңыздар» деп айтқаны бар. Қазір қоғам ауысқан тұста мен кейде сол Әз-ағаның сөзін есіме алып қоямын. Жалпы, қазіргі жағдайда бірінші іскерлік жүреді. Егер сен іскер болмасаң, екінші қатардағы адамсың. Өйткені, тұрмыстың жағдайын шеше алмаудан өткен масқаралық жоқ. Түбінде осы мәселені шешпей, біз нағыз кәсіби әдебиетті жасай алмаймыз. Шын жазушыны туғызу үшін не істеу керек? Меніңше, бұған мемлекеттік тұрғыдан көңіл бөлген жөн. «Сен осындай роман немесе повесть жаз» деп онымен келісім-шарт жасау керек. Жазып шығып, үмітті ақтай алса, еңбегіне қарай қаламақы төленсе, жазушы тұрмыстық мәселелерді өзі-ақ шешіп алады. Кейде кеңестік заманды жамандап жатамыз ғой. Бірақ бұл жағына келгенде кеңестік заманды мақтауға болады. Өтежан Нұрғалиев ағамыз сол кезде бір дүниелер жазғаны, оған мемлекеттік тапсырыс деп қарағаны есімде. Негізі, сол дұрыс екен. Бүгінгі күні жазушылықтың кәсіби деңгейі төмендеп кетті. Қазір жазушы болудан оңай нәрсе жоқ секілді көрінеді. Тіпті, мүйізі қарағайдай үлкен жазушылардың өзі тапсырыс алатын болса, оны тек жазу деп қана ойлайды. Ал іздену, материалды игеру, мұрағатты ақтарып, тақырыпқа терең бойлау жағы кемшін түсіп жатады. Жалпы, жазушысы жоқ қоғам дұрыс қоғам болмайды. Қазіргі күні шоу мәдениеті, эстрадалық мәдениет белең алып тұрғанда, ойлылыққа ешқашан ұмтылмайтын ұрпақ өсіп келе жатыр. Жазушы болу дегеніміз – ол үлкен бір міндетті алып жүру деген сөз. Бізде, тіпті, мемлекеттік тапсырыстың өзін белгілейтін идеология жоқ. Ондай идеологияны белгілейтін білімді сарапшылар тобы әлі қалыптаспай жатыр. Осындай қауым қалыптаспай, біз әлемдік әдебиеттегі бәсекеде артта қала береміз.

«Қызыл қарды» қайтадан жазып шықтым

- Сіз кеңестік заманда «Қызыл қар» атты роман жаздыңыз. Қоғамның наразылығына тап болған осы дүниені жазуыңызға не түрткі болды? Жалпы, қоғамның шындығы, жазушының шындығы туралы не айтасыз?

- Нағыз жазушы әдебиетке өзінің өмірлік тақырыбымен келеді деп ойлаймын. Кейде маған Алла тағала қиындық арқылы адамды сынайтын секілді көрінеді. Бәріне сабыр ету, төзу, жалпы, адамның құны деген нәрселер бар. Мен шопанның баласы бола жүріп, малдың құны мен адамның құны дегеннің не екенін біліп өстім. Адамның сезімі мен ой-арманы малмен теңестірілген жағдайларды да көзім көрді. Шыңғыс Айтматов пен Қалтай Мұхамеджановтың «Көктөбедегі кездесуіндегі» адам қайтсе адам болып қалады деген концепция бар ғой, бұл, әсіресе, мал бағып жүрген адам жиі басынан өткеретін жағдай. Ой көзімен қарасақ, мал да - жан иесі, адам да - жан иесі. Кейде сіздердің Шығыста қыс қатты болып, үш метрге дейін қар жауып жатады ғой. 1969 жылы оңтүстікте де екі метрге дейін қар жауды. Сол жылдары мен оқуға түсе алмай, ауылда мал бағып жүрген болатынмын. Сонда мен малға жан ашудың қандай болатынын сезіндім. Біле білсек, мұнда қазақтың ұлттық болмысы жатыр десем де, артық айтпаймын. Жалпы, барлық ұлттың өзіндік ерекшелігі бар ғой. Қазақтың малға өзінше жаны ашиды, Мал бағуды ата кәсібіне айналдырған біздің аталарымыз малмен тіл табысуға тырысқан. Әйтеуір, табиғи бір үндестік бар. Қыс қатты болған сол жылы қоғамның өтірігі шығып қалды. Егер әкімқаралар мал азығы жеткілікті дайындалды деп жоғары жаққа өтірік ақпар бермегенде, мал қырылмайтын еді ғой. Сол кездегі қоғамның оңбағандығы, екіжүзділігі де осында жатыр. Өзінің өтірігін ақтауға тырысып, бар кемшілікті шопандарға жабуға тырысып-ақ баққаны мені қатты таңғалдырды. Таяуда «Қызыл қарды» қайтадан жазып шықтым. Алдыңғы нұсқасы өте балаң жазылған секілді

көрінді.

Тақырыпты өмірдің өзінен аламын

-Қазіргі күні роман, повесть секілді үлкен дүниелер оқылмайды, қысқа дүниелердің дәуірі туды деген пікірге қалай қарайсыз?

- Мен бұған төрелік айта алмаймын. Дегенмен, бәрібір қысқа дүниелермен көп нәрсені бере алмайтының анық. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын тұтас алғаннан гөрі елдің бәрі ұлы шығарма ретінде бірінші кітабын өте жоғары қояды. Десе де, әдебиетте қысқа дүниемен бере алмайтын суреттер болады. Мысалы, Мұқаң «Абай жолында» халқымыздың мал шаруашылығына қатысты тыныс-тіршілігін, жылқылардың жұтта қырылуын қалай суреттеген. Тіпті, мұндай суреттеулер әлем әдебиетінде жоқ десем де болады. Егер мұстантарды американдықтар самолетпен қырса, бұл олардың өз өмірі. Бәлкім, оңбағандығы болар. Ал бізде малдың қасиетін сезінген ұлт ретінде малдың қырылуын әлем әдебиетінде тек Әуезов жазған шығар. Қысқа дүниелермен мұндай нәрселерді беру әсте мүмкін емес.

- Сіздің «Біздің заманымыздың Аязбиі» атты романыңызды зерттеушілер кейде психологиялық роман деп жатады? Мұнымен қаншалықты келісесіз? Жазушының психолог болуы қажет пе?

- Жазған дүниеңнің сәтті шығуы өмірлік материалды сезінуіңе байланысты деп ойлаймын. Осы «Біздің заманымыздың Аязбиі» романы жарық көргенде, «сен неге Аязби деп қоясың?» дегендер де болды. Шындығында, Аязбиді шығарған халықтың өзі ғой. Аязби – халықтың арманы. Бір кезде адамның жаманы болған Аязби кейін хан болғанда, шекпенін босағаға іліп қояды. Ал бүгінгі күні өткенін ұмытып кететіндер көп қой. Мен «Жаңғырық» деген роман жаздым. Бірақ оқырман қауым оны онша қабылдамады. Бір білгіштер ол роман туралы «өте ақылмен жазылған дүние» дегенді айтты. Соған қарағанда, ақылмен емес, сезіммен жазылған шығарма өтімді бола ма деп ойлаймын. Жалпы, кез келген жазушы шығармаларына тақырыпты өмірдің өзінен алады. Ойдан шығару деген әңгіме болмайды. Бәрі де жазушының қиялының ұшқырлығына, ақылының алымдылығына байланысты. Тағдыр маңдайыңа не жазса, соны жазасың. Өмірің қалай болса, жазуың да солай. Кейде маған тақырыпты Алла тағала беретін сияқты көрінеді де тұрады. Бірде Рымғали Нұрғалиевқа «Аспанқора» деген шығармамды алып барғанымда, «тағы осындай он дүние жазсаң, тарихта қаласың» дегені бар. Осы шығармам туралы Мұхтар Мағауин кейін «Үлкен жазушының елесі келе жатыр» деп жазды. Бірақ қазіргі күні сол үмітті ақтай алмаған секілді боламын да тұрамын.

- Жалпы, жазушы шеберлігі деген не? Өзіңіз шеберліктің шыңына шықтым деп ойлайсыз ба?

Шеберліктің шыңына Абайды, Әуезовті жетті деуге болатын шығар. Бірақ өзім шеберліктің шыңына жеттім деп айта алмаймын. Десе де, жазушы ретінде жауапкершілікті сезінемін.

- Айтыңызшы, атақ-даңққа қызығасыз ба?

- Қазір қызығамын. Адам жасы ұлғайған сайын атақ-даңққа қызығады екен. Менде мемлекеттік сыйлықтан басқасының бәрі бар. Бір басыма жетеді. Бұйырса, мемлекеттік сыйлықты да ала жатармыз.

- Қай мезгілде жазғанды ұнатасыз?

- Күздің бір салқын уағында отырып жазғанды жақсы көремін. Содан кейін мен үшін жазуға қыс айлары қолайлы.

- Қазіргі қазақ әдебиетінде қандай тақырыптар қозғаусыз жатыр деп ойлайсыз?

- Соңғы уақыттағы қазақ жан дүниесіндегі баю мен кедейленудің арасындағы әңгіме өте көкейкесті болып тұр. «Кеше келген тоқалдар, бүгін келіп қоқаңдар» дегендей, кешегі кедейлер байып кетіп, бүгін бізге билік айта бастады. Керісінше, бұрын әжептәуір тұрмысы бар адамдар кедейленіп, құлдырап, түсіп кетті. Әйтеуір, бір алай-дүлей аласапыран қоғам. Қазіргі күні бізге қазақтың жан

дүниесіндегі осындай құбылыстарды көркемдік тұрғыдан ашып беретін полотно керек. Бұл біздің ұлт ретінде өзімізді-өзіміз жете тануымыз үшін қажет. Содан кейін қазақ қызының тағдыры тақырыбы да тасада жатыр. Қазақ қызының жан дүниесі қандай, керек десеңіз құны қандай? Бұрын біздің аналарымыз еркекті қалай құрметтейтін еді? Ал қазір керісінше, еркекті қадірлемеу деген нәрсе қазақ қызына тән болып кетті. Неге олай? Жалпы, жазамын деген адамға тақырып жетеді.

- Ал енді әңгімемізді қазақ баспасөзіне қарай бұрсақ. Өзіңіз редактор ретінде талай журналистерді тәрбиелеп шықтыңыз. Осы орайда, бүгінгі қазақ баспасөзінің беталысы жайында не айтасыз?

- Шынымды айтсам, қазақ баспасөзінен гөрі қазақ оқырманы мені көбірек толғандырады. Қазақ баспасөзі қандай жағдай болса да болады ғой, бірақ оқырман өте нашар. Мысалы, осы жолы Марқакөл жақты аралап келе жатырмын, ол жақта «Қазақ әдебиеті» деген газет ұмытылған. Жылдан-жылға оқырман контингенті азайып бара жатыр. Бұл барлық қазақ газетіне тән нәрсе. Тоғышарлық көңіл күй белең алған. Набоков «Он тоғызыншы ғасырда оқырманның ұлылығы бар екен» деген екен. Ал Әнуар Әлімжанов «Бәрің бірдей жақсы ақын-жазушы болмассыңдар, бірақ жақсы оқырман болсаңдар сол жетеді» деген екен. Сол секілді бүгінгі күні баяғыдай жақсы оқырман жоқ. Осы жағы бізді ойланту керек.

- Шығысқа жиі келесіз бе?

- Жиі келемін. Мынадай табиғаты бар қазақ халқы ешкімге жалынбайды. Альпіге де, Гималайға да, Тайгаға да барудың керегі жоқ. Өзен де, тау да, көл де, орман да төр Алтайдың өзінде.

Сұхбаттасқан – Мейрамтай Иманғали